

Сапа саласындағы "Мемлекеттік басқарудағы персоналдың сәйкестігін тану орталығы" ПСРО-ның саясаты

Сапа саласындағы ПСРО-ның саясаты қамтамасыз етуден тұрады, бірақ онымен шектелмейді:

- мемлекеттік басқару секторы мен басқа да ұйымдар үшін жобалық менеджмент және адами ресурстарын басқару саласындағы саясатты іске асыру;

- жобалық менеджмент және адами ресурстарын басқару саласындағы сертификаттау бойынша үздік шетелдік тәжірибені ескере отырып, әдіснамалық және қолданбалы зерттеу базасын құрудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу;

- нормативтік құжаттардың талаптарына толық сәйкес персоналды сертификаттау бойынша жұмыстарды сапалы жүргізу;

- персоналды сертификаттау жөніндегі органдарға қойылатын белгіленген талаптарды сөзсіз орындау;

- өтініш берушіге персоналды сертификаттау нәтижелерінің объективтілігі мен дұрыстығына кепілдік беру;

- жұмыстарды нақты ұйымдастыру және персоналдың сәйкестігін бағалау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- өтініш берушіден алынған ақпараттың құпиялылығы.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ПСРО өзіне келесі негізгі міндеттерді қояды:

- барлық қызметкерлерге персоналдың сәйкестігін бағалау бойынша жүргізілетін жұмыстардың жоғары сапасын қамтамасыз ету саласындағы ПСРО алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді түсіндіру;

- техникалық регламенттердің, нормативтік және ұйымдастырушылық-әдістемелік құжаттаманың қажетті өзектендірілген қорын құру және қолдау;

- ПСРО басшылығы мен қызметкерлері арасында жауапкершілікті, міндеттер мен өкілеттіктерді бөлу, персоналдың құзыреттілігін, біліктілігі мен кәсіби шеберлігін үнемі арттыру;

- ішкі тексерулер мен өзін-өзі талдау жүргізу арқылы қызметті жетілдіру.

ПСРО басшылығы осы саясаттың белгіленген аккредиттеу критерийлеріне және МЕМСТ ISO/IEC 17024 талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге және белгіленген критерийлер мен талаптарды тұрақты сақтауға міндеттенеді.

ПСРО персоналы өз қызметінде сапа, менеджмент жүйесінің құжаттамасы, лауазымдық нұсқаулықтар бойынша осы басшылықтың талаптарын сақтауға және сапа саласындағы осы саясатты басшылыққа алуға міндетті.